

R.S. Ismagulova, A.E. Zhumabaeva

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan
irauzva@mail.ru

FORMATION OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS' COMMUNICATIVE SKILLS BY MEANS OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Abstract. The main aims of teaching foreign language to primary school students: to teach students to express their opinions in a foreign language depending on particular circumstances, to teach the students to form relationships based on national and cultural values of people whose language is being studied and to develop communication skills in a foreign language.

As the communication skills of primary school students are developed through the language communication, English language lessons play a great role. Units of the organization of educational process in teaching foreign language are the academic cycles intended for mastering a certain amount of educational language materials. Language materials are based on a certain amount of words and grammatical forms, on the phonetic phenomenon. In the first stage attention is given to mastering the correct pronunciation of words and sounds. Formation of lexical and grammatical skills, the ability to listen and to correctly pronounce and understand the meaning of the words and the ability to combine words, mastering grammatical phenomena are implemented through oral exercises. Mastering the monologue and dialogue forms of speech is one of the most effective ways to improve the language skills and the ability of students. The main aim is the formation of communicative skills, that is, the development of communication in all forms and at all levels of speech activity.

Key words: primary class, foreign language, communicative skill, sound, speech, speech activity.

ӨОЖ: 37.0

Р.С. Исмагулова, Ә.Е. Жұмабаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Бастауыш сыныпта шет тілін оқытудың басты мақсаттары: оқушылардың нақтылы бір жағдайларға байланысты өз ойларын шет тілінде жеткізе білу, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениеті мен ұлттық-мәдени құндылықтарын ескере отырып қарым-қатынас жасауды қалыптастыру, шетел тілінде қарым-қатынас жасай білу дағдыларын дамыту.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру тікелей тілдік қатынас арқылы жүзеге асырылатындықтан, ағылшын тілі сабақтарының рөлі мен мүмкіндіктері зор. Шет тілін оқытуда оқу үдерістерін ұйымдастырудың бірліктері белгілі бір мөлшердегі тілдік материалдарды меңгеруге арналған сабақтардың негіздері болып табылады. Ал сөйлеу материалдары қандай да бір көлемдегі сөздер мен грамматикалық формаларға (тілдік үлгілер), фонетикалық құбылыстарға негізделеді. Алғашқы кезеңде дұрыс айту, дыбысталу дұрыстығын меңгеруге мән беріледі. Лексикалық және грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, сөздерді тындап, қалай дыбысталатынын, қандай мағына беретінін, қандай сөзбен тіркесетінін білу, алғашқы грамматикалық құбылыстарды меңгерту ауызша жаттығуларды орындау арқылы іске асырылады. Сөйлеудің монологтық және диалогтық түрлерін игеру тілдік қатынасты дамытудың бірден бір тиімді жолы болып саналады және оқушылардың сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін шыңдай түседі. Көздеген мақсатымыз – коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, яғни тілдік әрекеттің барлық формаларында және барлық деңгейлерінде қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, шет тілі, коммуникативтік дағды, дыбыс, сөз, тіл, тілдік әрекет.

Жеке тұлғаның қалыптасуына, бойына дұрыс мінез-құлық пен сапалы тұлғалық қасиеттерді сіңіруде қоршаған ортаның, жанұя мен мектептің ықпалы зор екендігі белгілі. Бастауыш сынып оқушылары қоғамдық өмірге белсене кірісін, өздері қатарлас балалармен тығыз байланыс жасайтын кезеңде, өзара түрлі жағдайларды шешу барысында бойларында қалыптаса бастаған коммуникативтік қатынастарын шыңдай түседі. Дәл осы кезеңдерде балалардың қоршаған ортасымен қарым-қатынасының дұрыс қалыптасуына, пайда болған түрлі мәселелерді шешулерінде дұрыс бағыт-бағдар берудің қажеттілігі туындайды және мұндай қатынастардың қалыптасуы бала өмірінің мәнділігіне арқау бола алады.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Бастауыш білім берудің базалық мазмұны білім беру саласы бойынша бастауыш білім берудің басты миссиясына сәйкес айқындалады, оған сәйкес білім алушыны тек оқытып қана қоймай, сонымен бірге оның рухани дамуының және әлеуметтік маңызды дағдыларының іргетасын қалау керек» - деп атап көрсетеді [1].

Жалпы, «дағды» ұғымына педагогикалық сөздіктерде: автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет, көп рет қайталау жолымен қалыптасады, - деген анықтама берілген. Бастапқы кезден саналы орындауды қажет ететін іс-әрекеттің әр бөліктерін үнемі қайталаудан, жаттығудан қалыптасып, автоматтандырылған нәтиже. Қалыптасқан дағдылардың нәтижесінде бала әрекетінің жемісті болу мүмкіндігі зор. Дағды - саналы қадағалаусыз орындалатын әрекеттердің қайталама тәсілі. Дағды әртүрлі дәрежедегі жалпылаумен - олардың әр түрлі жағдаяттарды қамтуымен, икемділікпен, тез жүзеге асырылуға даярлықпен сипатталады [2].

Оқу дағдыларын жете меңгеру оқушылардың білім деңгейлерінің жақсаруына алып келеді. Еліміздегі ғылым мен техниканың дамып өркендеуі болашақ ұрпақтың жан-жақтылы білімдері мен дағдыларының дамып жетілуін қажет етеді. Оқу-тәрбие үдерістерінің міндеттері білім берумен қатар түрлі дағды-әдеттерге үйренуге жаттықтыру болып табылады. К.Д. Ушинский дағды мен әдеттерге оқу-тәрбие үдерістерінің ықпалының зор екендігін былайша түсіндірген: «әдеттер мен дағдыларды берік қалыптастырып, соның негізінде құрылатын тәрбиенің өз негізі де берік болмақ, бұлар тәрбиенің сипатына өзінің белгілі бір принципін енгізуге мүмкіндік береді». Дағды жаттығу үдерісінде қалыптасатындықтан, арнайы жаттығуларды қажет етеді.

Дағдының дұрыс қалыптасуы дағдыны қалыптастырудың нәтижелігіне қатысты болады, яғни жаттығу уақытының азаюы, орындау көрсеткішінің жақсаруы, қателердің жойылуы, ешбір зорлықсыз ынталану - нәтижеліктің негізгі көрінісі.

Н.А. Бернштейн кез келген дағдының қалыптасуын екі кезеңге бөледі:

1. Дағдыны меңгеру

Ол төрт фазаны қамтиды:

1) жетекші деңгейді анықтау;

2) қимылдың қозғалыстық құрамын анықтау, ол басқа адамның қимылын бақылау мен талдау деңгейінде болуы мүмкін;

3) «осы қимылдарды іштей – өзіндік түйсіну» ретінде сәйкес түзетулерді айқындау.

Бұл фаза бірден, секіріс түрінде келеді және көбінесе өмір бойы сақталып қалады (егер жүзуді үйренсе онда мәңгілікке үйренесін), алайда бұл барлық дағдыларға қатысты емес;

4) фондық түзетулердің төменгі деңгейлерге ауысуы, яғни автоматтандыру процесі.

Дағды өндіру уақытты талап ететіні маңызды, ол барлық қоғалыстардың нақтылығын мен стандарттылығын қамтамасыз етуі керек.

2. Дағдылардың тұрақтануы

Ол үш фазаларға таралады:

1) түрлі деңгейлердің бір мезгілде жұмыс істеуі (синергетикалық);

2) стандарттау;

3) тұрақтану, яғни түрлі кедергілерге төзімділіктің қамтамасыз етілуі [3].

Кез келген дағдының қалыптасуы үшін маңыздысы деңгейлердің ауысуы, жетекші деңгейден автоматизмге өтуі, сыртқы және ішкі әсер етулердің нәтижесінде дағдылардың босансуы және босансыған дағдыны қайта қалыпқа келтіру болып табылады. Осының барлығы оқу іс-әрекеті мен оны ұйымдастыру үшін аса маңызды, себебі бұл кез келген дағдыға қатысты болады (жазу, есептеу, компьютермен жұмыс істеу, тапсырманы орындау, оқу, аудару және т.б.).

Қоғам өміріндегі саяси өзгерістер мен экономиканың қарқынды дамуы, түрлі ұлт өкілдерімен экономикалық, мәдениаралық, халықаралық байланыстар орнату - тілдік қатынастардың дамуын талап етеді. Қарым-қатынас өзара байланыс жасаудың ең маңызды, негізгі түрі болып саналады және әртүрлі коммуникативтік тәсілдер мен құралдар арқылы іске асырылады. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Бастауыш білім берудің мақсаты - кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасауда коммуникация дағдысының орыны зор» деп көрсетілген [1].

Демек, педагогтардың алдында қоғам талабына сай қарым-қатынас жасай білетін, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеу міндеті тұр. Жаһандану кезеңіндегі қатынас тілдерінің бірі - ағылшын тілі. Ал, ағылшын тілін оқыту жас ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуына жол ашады, әрі олардың оқуға, ізденуге деген қызығушылығын арттырудың бір көзі болып табылады. Бастауыш сыныпта оқушылар шет тілін жылдам меңгеруге бейім болғандарымен, көп жағдайларда олардың коммуникативтік дағдыларды игеру деңгейлері төмен дәрежеде болады. Ендеше, ана тілінде қарым-қатынас жасаудың дағдыларын толық игеріп үлгермеген бастауыш сынып оқушыларына шет тілін сауатты меңгертін, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру үшін үлкен еңбек пен біліктіліктің және бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту үшін арнайы дайындалған мамандардың қажеттілігі туындайды. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру тікелей тілдік қатынас арқылы жүзеге асырылатындықтан, ағылшын тілі сабақтарының рөлі мен мүмкіндіктері зор.

Ендеше, алдымен бастауыш сыныпта шет тілін оқытудың басты мақсаттарын анықтап алайық. Бастауыш сыныпта шет тілін оқытудың басты мақсаттары - оқушылардың нақтылы бір жағдайларға байланысты өз ойларын шет тілінде жеткізе білу, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениеті мен ұлттық-мәдени құндылықтарын ескере отырып қарым- қатынас жасауды қалыптастыру, шетел тілінде қарым-қатынас жасай білу дағдыларын дамыту.

Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде мынадай мақсаттарға қол жеткізіледі:

- бастауыш сынып оқушыларын беймәлім тіл әлемінде жастарына лайықты қарым- қатынас жасауға жағдай жасау; оқушылардың шет тілінде қарым - қатынас жасауға даярлығын қалыптастыру және одан ары оқып- үйренуге ынталандыру, оң бағыт беру;

- бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мүмкіншіліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып сөйлеу әрекетінің төрт түрінде бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру (айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым);

- бастауыш сынып оқушыларын шетелдік құрбы-құрдастарының өмірімен және шетел әндерімен таныстыру;

- кейбір ана тілінде және шет тілінде байқалатын лингвистикалық ұғымдарды қалыптастыру және сол арқылы бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық, тілдік, танымдық қабілеттерін дамыту [4].

Шет тілін оқытуда оқу үдерістерін ұйымдастырудың бірліктері белгілі бір мөлшердегі тілдік материалдарды меңгеруге арналған сабақтардың никлдары болып табылады. Ал сөйлеу материалдары қандай да бір көлемдегі сөздер мен грамматикалық формаларға (тілдік үлгілер), фонетикалық құбылыстарға негізделеді. Сөйлеу дағдыларын қалыптастырып іскерлікке жеткізуге дейін тілдік материалдарды меңгеруді Пассов үш кезеңге бөледі:

- Дағдыларды (навыки) қалыптастыру;
- Дағдыларды (навыки) жетілдіру;
- Іскерлікті (умение) дамыту.

Дағдыларды (навыки) қалыптастыру кезеңі екі ішкі кезеңдерден тұрады.

- дыбыстау дағдыларын дамыту;
- лексикалық және грамматикалық дағдыларды дамыту [5].

Алғашқы ішкі кезеңде дұрыс айту, дыбысталу дұрыстығын меңгеруге мән беріледі. Сөйлеу дағдыларының қалыптасуы сөйлеуді үйретуде тілдік бірліктер мен тілдік үлгілерге қатысты жаттығулар жасау негізінде жүзеге асады. Тілдік үлгі ретінде берілген сөздер мен сөз тіркестері әртүрлі ағылшын дыбыстарынан құралғандықтан, екпінді және екпінсіз элементтері мен интонациялық өзгешеліктері болады. Дыбыстардың молшылығы мен түрлі ерекшеліктеріне қарай ағылшын тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға үйрету үшін, алғашқы күннен бастап арнайы фонетикалық жаттығулар арқылы дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем және тұтас ұяқастарды хор немесе жеке формада көңіл бөліп жаттықтыру тиімді. Фонетикалық жаттығуларды дыбыстық жазбалар арқылы тыңдауға, естуге және дұрыс жеткізуге дағдыландырады. Дұрыс айтылу мен дыбысталу дағдыларын меңгермей, лексикалық және грамматикалық дағдыларды меңгеру қиындық тудырады. Лексикалық және граматикалық дағдыларды қалыптастыру, сөздерді тыңдап, қалай дыбысталатынын, қандай мағына беретінін, қандай сөзбен тіркесетінін білу, алғашқы грамматикалық құбылыстарды меңгерту ауызша жаттығуларды орындау арқылы іске асырылады.

Екінші, дағдыларды жетілдіру кезеңінде алғашқы кезеңде берілген барлық материалдар қамтылады. Мұнда ауызша сөйлеу үлгі- мәтіндер арқылы іске асырылады. Мұндағы мәтіндер оқуға арналған мәтіндерден өзгеше. Үлгі мәтіндерді қолдану арқылы сөйлеу оқушыларды сөйлеуге ынталандырады, оларды түрлендіріп қолдануға мүмкіндіктер береді. Шет тілінде ойды жеткізу үшін оқушылар естіген сөздерін жадтарында сақтай білулері және оларды қажетті жағдайларда саралап қолдана білулері қажет. Яғни сөздерді белгілі бір нәрселерге, олардың белгілеріне қатысты ажыратып, есте сақтайды. Сөздердің мағанасы түсінікті болып бекиді, әрі жүйеленеді. Оқушылардың сөйлей алу қабілеттері дамиды. Оқушылардың сөздердің мағаналарын дұрыс ажыратып, грамматикалық формаларда түрлендіріп қолданулары дағдыларды жетілдіруге әкеледі.

Ағылшын тілінің ережелеріне сәйкес грамматикалық жаттығуларды орындауда жеңілдігі мен қиындығына қарай материалдардың саралануы грамматикалық қайта өңдеуден грамматикалық ауыстыруға және грамматикалық кеңейту жаттығуларымен үйлестіруге мүмкіндік береді. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруда трансформация жаттығуларының ықпалы зор және интеллектуалдық белсенділікті талап етеді. Таңдаған үлгіге ұқсас өз ойларынан жаңа үлгі құрудан жеке меңгерілген грамматикалық құрылымдардың логикалық байланысын, яғни грамматикалық бірлесуді көруге болады. Демек, орындалатын жаттығулардың дұрыс таңдалуы мен нақтылығының грамматикалық дағдыларды қалыптастырудағы маңызы өте зор.

Үшінші кезеңде тілдік материалдар жаңа жағдайларда тілдік ойлауды дамыту жағынан, күрделі психологиялық, лингвистикалық тұрғыдағы жаңа мәселелерді шешуде қолданылады. Көрнекілік тіректер тек оқушылардың ойларын жеткізуде сөйлеудің мазмұндық жағынан гөрі мағыналық жағына көп мән беруге ынталандыру үшін пайдаланады. Іскерліктерін дамытуда ешқандай тіректер қолданылмайды. Оқушыларға қажетті коммуникативтік құзыреттіліктердің негіздері қаланады. Бұл құзыреттіліктер шет тілін одан ары оқып, дамыту үшін аса қажетті. Бұл кезеңде даму қимыл іс-әрекеттерді оқушылардың ағылшын тілінде сөзбен жеткізулері, өз ойын айтулары арқылы көрінеді.

Н.А. Бернштейн айтуынша, «дағдының даму диалектикасы келесіде: даму бар жерде әр келесі орында алдыңғыдан жақсы болады, яғни оны қайталамайды. Сондықтан да, жаттығу дегеніміз іс жүзінде қайталаусыз қайталау. Дұрыс жүргізілген жаттығу бірте-бірте берілген қозғалыстық тапсырманың орындалуы үшін пайдаланатын құралды емес, ол осы тапсырманы орындау үрдісін қайталай отырып, біртіндеп құралды өзгертіп, жақсартады [3].

Көздеген мақсатымыз – коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, яғни тілдік әрекеттердің барлық формаларында, барлық деңгейлерінде қарым-қатынасты дамыту. Сөйлеу әрекетінің барлық түріндегі іскерліктерді жетілдіру арқылы (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) коммуникативтік дағдылардың тиімді деңгейін қалыптастыруға болады. Қарым-қатынас жасауда сөйлеудің маңызы ерекше. Сөйлеудің монологтық және диалогтық түрлерін игеру тілдік қатынасты дамытудың бірден бір тиімді жолы болып саналады және оқушылардың сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін шыңдай түседі.

Монологтық сөйлеу «хабарлау» мағанасын береді. Сөйлемдік бірліктер, сөйлемдер және мәтіндер - сөйлеуді үйретудің бірліктері. Ойды жеткізу ана тілінде іске асатындықтан, монологтық формада сөйлеу шет тілі тұрмақ, ана тілінде де қиындық туғызады. Сөйлеушіге белгілі бір мазмұн төңірегінде айтатын ойын жеткізетін сөйлемдер құру, бір-бірімен байланысқан бірнеше сөйлем арқылы ақпараттарды жоспарлы түрде жеткізу - монологтық сөйлеудің негізгі көрінісі. Монологтық сөйлеу сөздер мен сөйлемдерді ұйымдасқан түрде бере білу қажеттігін талап етеді. Сөйлеудің тағы бір түрі – диалогтық сөйлеу және оны үйретудің негізі - диалогтық бірліктер. Сұрақ пен жауап, ұсыныс пен бұйыру арқылы қатынас құра білу, мазмұнды, мәнді әңгіме жүргізе білу - диалогтық сөйлеудің басты талабы болғандықтан, біреумен танысу немесе қоштасу, қуанышыңды немесе наразылығыңды білдіру, бір істі істеуге келісу немесе келіспеу, мерекемен құттықтау, біреуді қарсы алу немесе шығарып салу сияқты ерекшеліктерге мән берілуі тиіс. Ағылшын тілін оқытудың бастапқы кезеңдерінде оқушылардың лексикалық сөздік қорлары өте аз болса да, олар сөйлеуге тырысады және тілдің коммуникативтік қызметін түсінеді, қызығушылықтары ояна бастайды. Бір-біріне сұрақтар қою, жауап беру сияқты талаптарды орындауға бейімделеді. Бастауыш сыныптарда берілетін тапсырмалардың ойын түрінде берілуі, көрнекі материалдардың көптеп қолданылуы, түрлі шығармашылық тапсырмалардың берілуі оқушылардың қиялдарының дамуларына, оқуға мотивациялауға, оқу материалдарын меңгерулеріне көмектеседі. Өлеңдер мен санамақтар, ұйақстар ойлап табу, жасырған заттарды табу, сурет салу оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Шет тілін бастауыш сыныптардан бастап оқыту оқушылардың ақыл-естері мен зейінділігін, ойлау, байқағыштық қасиеттерін жақсарта отырып, жан-жақты дамытады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Баланың жеке басын, бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту», - деп бастауыш мектептің негізгі міндетін нақтылы көрсетін берді [6]. Осыған орай, шет тілін оқыту мазмұнын іріктеу кезінде, шет тілінде қарым-қатынас жасау үрдісінде оқушылардың өз елінің мәдениетін дұрыс айтып жеткізулеріне мүмкіндік беретін әлеуметтік-мәдени дағдылары мен іскерліктеріне, тұлғалық дамулары мен қабілеттеріне ерекше назар аударылады. Осылайша, сабақта оқушылардың мұғаліммен еркін қарым-қатынаста болулары, бірлесіп жұмыс істеулері аса маңызды. Олардың ағылшын тілінде игерген білімдері мен тілдік және сөздік материалдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру тиімділігі, сондай-ақ мәдениаралық қарым-қатынас жасау қызығушылықтары мен даярлықтары анықталады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

[2] Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ 2006ж.

[3] Зимняя И.А. З-62 Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінші, толықт., түзет. және қайта өңд. бас./ Орыс тілінен аударған М.А. Құсайынова. - М.: Логос; Алматы: TST-company. 2005ж.

[4] Аксенова В.В. Развитие коммуникативных навыков у младших школьников Наука и образование в XXI веке: Сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции Часть I. Мин-во обр. и науки - М.: «АР Консалт» 2013г. С.32.

[5] Е.И. Пассов Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. Москва «Русский язык» 1989г. С. 28.

[6] Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

REFERENCES

[1] Gosudarstvennyj obshheobjazatel'nyj standart nachal'nogo obrazovanija. (in Russ.).

[2] Russko-kazahskij slovar'. Pedagogika Pavlodar: "JeKO" NPF - 2006. (in Russ.).

[3] Zimnjaja I.A. Z-62 Psihologija obrazovanija: uchebnik dlja vysshih uchebnyh zavedenij. Redaktirovanie. Perevod s russkogo M.A. Kusainova. - M: Logos;. Almaty: kompanija TST. - 2005. (in Russ.).

[4] Akseanova V.V. Razvitie kommunikativnyh navykov u mladshih shkol'nikov Nauka i obrazovanie v XXI veke: Sbornik nauchnyh trudov po materialam Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii Chast' I. Min-vo obr. i nauki - M.: «AR Konsalt» - 2013. - 32p. (in Russ.).

[5] Passov E.I. Osnovy kommunikativnoj metodiki obuchenija inozazychnomu obshheniju. Moskva «Russkij jazyk» - 1989. - 28p. (in Russ.).

[6] Концепция развития образования в Республике Казахстан до 2015 года. (in Russ.).

Р.С. Исмагулова, А.Е. Жумабаева

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОГО КЛАССА ПОСРЕДСТВОМ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Основной целью обучения иностранному языку учащихся начальной школы является: выражение своих взглядов, в зависимости от конкретных обстоятельств, на иностранном языке, формирование отношений с учетом национальных и культурных ценностей той говорящей страны и развивать навыки общения на иностранном языке.

Так как коммуникативные навыки учащихся начальной школы осуществляются через языковые общения, роль и возможности уроков английского языка огромны. Единицы организации учебного процесса в обучении иностранному языку являются учебные циклы, предназначенные для освоения определенного объема учебных языковых материалов. А языковые материалы основаны на определенном объеме количества слов, грамматические формы и на фонетические явления. На первом этапе уделяется внимание на освоение правильности произношения слов и звуков. Формирование лексических и грамматических навыков, умение слушать, правильное произношение, понимание смысла слов и умение составлять словосочетания, а также освоение грамматических явления осуществляются через устные упражнения. Овладение монологических и диалогических видов речи считается одним из наиболее эффективных способов улучшения речевых навыков и умения учащихся. Основная цель - формирование коммуникативных навыков, то есть, развитие общения во всех формах и на всех уровнях в речевой деятельности.

Ключевые слова: начальный класс, иностранный язык, коммуникативный навык, звук, речь, речевая деятельность.